

Қаржыны жылыстатумен күрес жөніндегі қаржылық шараларды әзірлеу тобы

Қырық ұсынымдар

2003 жылдың 20 маусымы

(2004 жылдың 22 қазанындағы өзгертулермен)

Қырық ұсыным

Кіріспе

Қаржыны жылыстатудың әдістері мен техникасы бақылау шараларының дамуымен бірге өзгеруде. Соңғы жылдары Қаржыны жылыстатумен күрес жөніндегі қаржылық шараларды әзірлеу тобы қылмыстық кірістерді жылыстатуға байланысты кеңестер мен көмек алу үшін кәсіби мамандарды пайдаланудың көбеюі мен қылмыстық кірістермен нақты иеленуді және бақылауды жасыру үшін заңды тұлғаларды пайдаланудың өсуі сияқты техникаларының күрделірек амалдарын атап өтуде. Бұл факторлар қатыспайтын мемлекеттер мен аумақтар бойынша процестер шеңберінде ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) алған тәжірибемен бірге, және бірқатар ұлттық және халықаралық бастамалар ҚЖКжҚӨТ-ты (ФАТФ) қаржыны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес бойынша жаңа жалпыауқымды кешенді шараларына Қырық ұсынымның қайта қаралуы мен қайта құруылуна әкеліп соқты. Қазір ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) барлық мемлекеттер мен юрисдикцияларды заңсыз кірістерді жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өздерінің ұлттық жүйелерін жаңа Қырық ұсынымдарға сәйкестендіріп осы шараларды тиісті пайдалану үшін қажетті қадамдарды қолдануға шақырады. Қырық ұсынымды қайта қарау процесі интенсивті және ҚЖКжҚӨТтың (ФАТФ) мүшелері мен мүше еместерге, қадағалаушыларға қаржы және басқа да тиісті секторларға және мүдделі тараптарға ашық болды. Бұл кеңес процесі кең спектрді қайта қарау процессінде назарға алынған ақпаратпен қамтамасыз етті. Қайта қаралған Қырық ұсынымдар қазір тек кірістерді жылыстатуға ғана емес, сонымен қатар терроризмді қаржыландыруға да қолданылады және Сегіз арнайы ұсынымдармен бірге терроризмді қаржыландыруға қатысты кірістерді жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес бойынша жалпыауқымды және келісілген кешенді шараларын құрайды. ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) мемлекеттердің құқықтық және қаржы жүйелерінің әр түрлі екенін ескеріп, жалпыға бірдей мақсатқа жету үшін әсіресе нақты мәселелер бойынша бірдей шараларды қолдана алмайтынын мойындайды. Сондықтан Ұсынымдар өздерінің нақты жағдайларына, конституциялық құрылымдарына сәйкес осы нақты аспектілерді қолдану бойынша мемлекеттер үшін әрекеттердің минималды стандарттарын белгілейді. Ұсынымдар қылмыстық сот әділдігі мен реттеудің ұлттық жүйесінде болуға тиіс барлық шараларды; қаржы мекемелері мен басқа да тиісті мекемелерге және мамандықтардың қолдануға тиіс алдын алатын шараларды; сонымен қатар халықаралық ынтымақтастықты қамтиды.

ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) алғашқы Қырық ұсынымы 1990 жылы, заңсыз есірткі айналымынан түскен кірістерді жылыстатын адамдардың қаржы жүйесін

пайдалануға қарсы іс-қимыл бойынша бастама ретінде әзірленген. 1996 жылы Ұсынымдар бірінші рет қаржыны жылыстатудың дамудағы түрлерін көрсету үшін қайта қаралған.

Қырық Ұсыным 1996 жылы 130-дан аса мемлекетпен келісілген және қаржыны жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша халықаралық стандарт болып табылады.

2001 жылдың қазанында ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) терроризмді қаржыландыруға байланысты мәселелерге өзінің құзыретін кеңейтті, және терроризмді қаржыландыру мәселелері бойынша Сегіз арнайы ұсынымдарды әзірлеп, маңызды қадам жасады. Бұл Ұсынымдар террористік актілер мен террористік ұйымдарды қаржыландыруға қарсы күреске бағытталған шаралар жинағын құрайды және Қырық ұсынымды толықтырады. Қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күресте маңызды элемент болып осы халықаралық стандарттарға қатысты ұлттық жүйелерін бағалау мен мониторингтің қажеттілігі табылады. ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) және ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) типі бойынша аумақты құрылымдармен жасалған өзара келісімді бағалар, сонымен қатар ХВҚ (МВФ) мен Халықаралық банкпен берілген бағалар ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) Ұсынымдары барлық мемлекеттердің нәтижелі пайдалануы үшін өмірлік маңызы бар механизм болып табылады.

## ҚЫРЫҚ ҰСЫНЫМ

### А. ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

Қаржыны жылыстату қылмысының саласы

1. 1998 ж. Есірткі заттары мен психотропты заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясы (Вен конвенциясы) және 2000 ж. Ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы БҰҰ Конвенциясының (Палерман конвенциясы) негізінде мемлекеттер қаржыны жылыстатуды қылмыс деп тануы тиіс.

2. Мемлекеттерге предикаттық қылмыстардың ең кең шеңберін қамту мақсатында барлық ауыр қылмыстардан түскен кірістерді жылыстату үшін қылмыстық жауапкершілік қолдану қажет. Предикаттық қылмыстар барлық қылмыстарға немесе ауыр қылмыстардың санатына, предикаттық қылмысқа (бастамалы ықпал) қолднылатын абақтыда жаза өтеу мерзіміне немесе предикаттық қылмыстар тізіміне, немесе осы ықралдың амалына жататын бастамамен анықталады.

Бастамалы ықпалды пайдаланатын елдерге, предикаттық қылмыстарға ең болмағанда ішкі заңнама бойынша барлық ауыр санаттарға жататын қылмыстар кіруі керек, немесе максималды жаза бір жылдан астам бас бостандығынан айыру болып табылатын қылмыс, немесе құқықтық жүйелері қылмыстар үшін жазалардың минималды бастаманы қарастыратын мемлекеттерге, предикаттық қылмыстар минималдық жауапкершіліктің алты айдан астам бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген барлық қылмыстарды қосуы тиіс.

Қабылданған ықпалға қарамастан, әр мемлекет әр бір белгіленген қылмыстар санатына ең болмағанда бір қатар қылмыстарды кіргізу қажет.

Кірістреді жылыстатуға байланысты предикатты қылмыстарды басқа мемлекетте жасалып әрекетке тарату қажет, егер де ол сол мемлекетте қылмыс деп есептелсе, және де осы әрекет өз мемлекетінде жасалған жағдайда предикаттық қылмыс ретінде танылса.

Мемлекеттер бұл қылмыстың предикаттық деп танудың жалғаз шарты ретінде, оның өз елінде жасалған жағдайда ғана мойындауын ескеруіне болады.

Мемлекеттер олардың ішкі заңнамасының негізін қалайтын принциптерімен сәйкес талап етілсе предикаттық қылмыс жасаған адамдарға қаржыны жылыстату қылмысының қолданылмауын ескере алады.

2. Мемлекеттердің қамтамасыз етуге тиіс міндеттері:

а) кірістерді жылыстату қылмысын дәлелдеу үшін қажетті қасақаналық пен түсіну Вена және Палерма конвенцияларында белгіленген стандарттарға сай болу, сонымен бірге концепцияны қосқанда, оған сәйкес осындай психикалық жағдай туралы қорытынды объективті нақты жағдайлардан белгіленуі мүмкін.

б) заңды тұлғаларға қылмыстық шаралар, бұл мүмкін болмаған жерде азаматтық немесе әкімшілік жауапкершілік қолдану. Бұл, осындай жауапкершіліктің нысандары қарастырылған мемлекеттерде параллелдік заңды тұлғаларға қатысты қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік қарауды алып тастамауы тиіс. Заңды тұлғаларға эффективті пропорционалды және ұстамды ықпал ететін санкциялар қолданылуы керек. Бұндай шаралар жеке тұлғаларды қылмыстық жауапкершіліктен босатпауы тиіс.

Қамтамасыз ету шаралары мен конфискация

3. Мемлекеттерге Вена және Палерма конвенцияларында баяндалғанға ұқсас шаралар қолдану қажет, сонымен қатар үшінші адамдардың құқықтарын бұзбай өздерінің компетенттік органдарымен жылыстатылған мүлікті, қаржыны жылыстатудан немесе прерикаттақ қылмыстардан түскен кірістерді, аталған қылмыстарды жасау үшін арналған немесе пайдаланатын құралдарды, немесе тиісті бағалы мүлікті тәркілеуге мүмкіндік беретін құқытық шаралар қолдану.

Бұндай шаралар келесі өкілеттіктерді қосуы тиіс: (а) тәркіленуге тиісті мүлікті анықтау, қадағалау, және бағалау; (б) кезкелген келісімдерді болдырмау үшін тоқтатып қою мен қамауға алу, осындай мүлікті беріп жіберу немесе иелік ету сияқты қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру; (с) тәркілеуге жататын мүлікке мемлекеттің өндіру қабілетін төмендететін кез келген әрекеттерді жоятын немесе жоққа шығаратын шараларды қабылдау; және (d) кезкелген тиісті тергеу амалдарын қолдану.

Мемлекеттер қылмыстық тәртіпте соттаусыз осындай кірістер немесе құралдарды тәркілеуді жүргізетін немесе ішкі заңнаманың принциптеріне жауап беретін құқықбұзушыдан тәркіленуге жататын мүліктің шығуының заңдылығын дәлелдеуді талап ететін шараларды қабылдау мүмкіндегін қарай алады.

## В. ҚАРЖЫНЫ ЖЫЛЫСТАТУ МЕН ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ БОЛДЫРМАУ ҮШІН ҚАРЖЫ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ҚАРЖЫ ЕМЕС ҰЙЫМДАР ЖӘНЕ МАМАНДЫҚТАРҒА ҚОЛДАНУҒА ҚАЖЕТ ШАРАЛАР

4. Мемлекеттерге қаржы мекемелерінің құпиясы туралы заңнаманың ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) Ұсынымдарының жүзеге асуына кедергі келтірмеуін қамтамасыз ету қажет.

Клиентті тиісті тексеру мен мәліметтерді сақтау

5. Қаржы мекемелері анонимдік есептер немесе ойдан шығарылған есімдерге ашылған есептер жүргізбеуге тиіс.

Қаржы мекемелері өз клиенттерінің жеке басын анықтау және тексерумен қоса клиенттерді тиісті тексеру бойынша шаралар қабылдауы қажет:

іскерлік қатынас орнатылған жағдайда;

біржолғы операцияларды жүзеге асыруда: белгіленген бастамалы мағынадан жоғары; немесе VII Арнайы ұсынымның Түсіндірме хатында көрсетілген жағдайда ақшалай аударым болып табылатын

қаржыны жылыстату немесе терроризмді қаржыландыруға күдік туғанда;

немесе

клиентті идентификациялау бойынша алдында алынған мәліметтердің нақтылығы немесе айқындығына қатысты қаржы мекемелерінің күмәні туғанда.

Қабылдануға жататын Клиентті тиісті тексеру (КТТ) бойынша шаралар:

a) клиентті идентификациялау мен сенімді тәуелсіз көздерден алынған құжаттар, мәліметтер немесе ақпаратты пайдалану арқылы клиенттің жеке басын тексеру;

b) бенефициарлық меншік иесін идентификациялау және қаржы мекемесіне бенефициарлық меншік иесінің кім екенін өзіне мәлім етіп есептеуге мүмкіндік беретін бенефициарлық меншік иесінің жеке басын тексеру бойынша саналы шаралар қабылдау

Заңды тұлғалар мен құрылымдар үшін бұл меншік құрылымын анықтау мен клиентті бақылау бойынша қаржы мекемелерімен саналы шаралар қабылдау;

c) іскерлік қатынастардың болжамды сипаты мен мақсаты туралы ақпарат алу;

d) Қажетті кезде қаржы көзін қоса осы клиент туралы, оның бизнесі мен тәуекелділік сипаты туралы мекеменің мәліметтеріне жүргізіліп жатқан операциялардың сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін осындай қатынастардың барысында жүзеге асырылатын операцияларды мұқият тексеру мен іскерлік қатынастарға тұрақты негізде тексеру жүргізу.

Қаржы мекемелері келесі пунктерге сәйкес КТТ әр шарасын қолдануы тиіс (a) –

(d) жоғарыда көрсетілгендей, дегенмен клиенттің типіне, іскерлік қатынас немесе тәуекелділікті бағалау принципін қолдану негізінде келісім түріне қарай осындай шараларды қолдануының белгілі дәрежесін орнатуға болады. Қолдануға жататын шаралар уәкілетті органдармен шығарылған нұсқамаларына сай болуы қажет. Жоғарылатылған тәуелділік санатына қатысты қаржы мекемелері тиісті тексерудің күшейтілген шараларын қолдануы тиіс. Мемлекеттер қаржы мекемелеріне төмендетілген тәуекелділікте белгілі жағдайларда қысқартылған немесе оңайлатылған түрде тиісті тексерулер шараларының қолдану құқығын бере алады.

Қаржы мекемелеріне клиент пен бенифициарлық меншік иесінің жеке басын іскерлік қатынастар орнатылу кезде немесе оған дейін немесе біржолғы клиенттер үшін операциялар жүргізу барысында тексеру қажет. Мемлекеттер қаржыны жылыстату тәуекелдігімен тиімді басқару жүзеге асқанда және кәсіпкерліктің тиімді қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайда іскерлік қатынастар орнатылғаннан соң клиенттерді тексеруді саналы жүзеге асыру мерзімінде аяқтауға рұқсат беруі мүмкін.

7. Қаржы мекемесі жоғарыда (a) – (c) пункттерінде келтірілген ережелерді орындай алмаған жағдайда, оған есеп ашуға, іскерлік қатынастарды орнатуға немесе операцияны жүзеге асыруға болмайды немесе іскерлік байланысты үзіп, осы клиентке қатысты күдікті келісім жөніндегі хабарды жолдау туралы мәселені қарау.

Бұл талаптарды барлық жаңа клиенттерге қолдану қажет, дегенмен қаржы мекемелеріне бұл Ұсынымды нақты жағдайлар мен тәуелділіктің есебінің негізінде тұрақты клиенттерге де қолдану қажет және осындай қатынастарға белгілі мерзімде тиісті тексерулер жүргізу керек.

6. Қаржы мекемелері саяси қайраткерлерге қатысты клиентті тиісті тексерудің қалыпты шараларын бөтен қажет:

a) клиенттің саяси қызметкер болып табылатынын, табылмайтындығын анықтау үшін тәуекелдікті басқарудың тиісті жүйесімен таныс болуы тиіс;

b) осындай клиенттермен іскерлік қатынастарды орнату үшін аға жетекшінің келісімін алу

c) әлауқат пен қаржының көзін анықтау үшін саналы шаралар жасау;

d) іскерлік қатынастардың күшейтілген тұрақты мониторингін жүргізу.

7. Қаржы мекемелеріне шекаралық корреспонденттік банктік және басқа ұқсас қатынастарға клиентті тиісті тексерудің жалпы шараларынан қосымша тиіс:

a) респондент қызметінің сипаты туралы толық ақпарат алу үшін жеткілікті мекеме-респондент туралы ақпарат жинау, қолжетімді ашық ақпарат көздерінің негізінде мекеменің беделі мен қадағалау сапасын анықтау, сонымен бірге қаржыны жылыстату немесе терроризмді қаржыландыру жөнінде оған қатысты тергеулер жүргізілгендігі (жүргізілмегендігі), немесе бақылау органдарының тарапынан әрекеттер қолданылғандығы (қолданылмағандығы) туралы анықтау;

b) қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл үшін мекеме-респондентпен қолданылған бақылау шарасын бағалау;

c) жаңа корреспонденттік қатынастарды орнатуға дейін аға жетекшінің келісімін алу;

d) әр мекеменің тиісті міндеттерін құжат жүзінде белгілеу;

e) «транзиттік есептерге» қатысты, банк-респондент корреспонденттің есебіне тікелей қолжеткізетін клиенттердің жеке басын анықтап тиісті тексергендігі жөнінде, корреспонденттік банктің сұрауы бойынша клиенттің қажетті идентификациялық мәліметтерін бере алатын мүмкіндігі бар екедігі жөнінде қанағаттандырылған растау алу

8. Қаржы мекемесіне егер қаржыны жылыстату схемасында қолдануды болырмау мақсатында қажет болса анонимдікке жағдай туғыза алатын жаңа немесе әзірленудегі технологиялардан шыға алатын қаржыны жылыстатудың кезкелген қауіпіне ерекше назар аудару қажет.

Атап айтқанда, қаржы мекемелеріне контрагенттер арасында тікелей қатынас болмаған жерде іскерлік қатынастар немесе мәмілелерге байланысты кезкелген спецификалық тәуекелділікке қарсы іс-қимыл үшін әрекетті бағадарламалар мен процедуралар қажет.

9. Мемлекеттер қаржы мекемелеріне делдалдарға немесе КТТ процессінің (а) – (с) элементтерін орындаудағы өзге үшінші тараптарға немесе төменде баяндалған критерилердің сақталу шарттарында, ұйымды таныстыруда жүгінуге рұқсат бере алады. Осындай сенім рұқсат етілген жерде клиенттің жеке басын тексеру мен идентификациялау үшін соңғы жауапкершілік үшінші тарапқа жүгінетін қаржы мекемесінде қалады.

Сақталуға тиісті критерилер:

a) үшінші тарапқа жүгінетін қаржы мекеме КТТ процессінің (а) – (с) элементтеріне қатысты қажетті ақпаратты тез арада алу. Қаржы мекемесі идентификациялық мәліметтердің көшірмелері мен КТТ бойынша талаптарға қатысты өзге тиісті құжат кешіктірілмей сұрау бойынша үшінші тараптан қолжетімді болатынына қанағаттану үшін жеткілікті қадамдар жасауы тиіс;

b) қаржы мекемесі үшінші тараптың реттеу мен қадағалауға жататынына және 5 және 10 Ұсынымдармен сәйкес КТТ бойынша талаптарға сәйкес келу үшін механизмдері бар екендігіне куәлануы қажет.

ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) Ұсынымдарын орындамайтын немесе тиісті дәрежеде орындамайтын мемлекеттер бойынша қолжетімді ақпаратты есепке ала отырып, осы шарттарды қанағаттандыратын үшінші тараптардың қай мемлекетте болуы тиіс жөніндегі шешімді әр мемлекет өзі қабылдайды.

10. Қаржы мекемелері ақпаратты ұсыну туралы уәкілетті органдардың сұрауына жедел жауап беруге мүмкіндік беретін ішкі және халықаралық нарықтағы

операциялар туралы барлық қажетті жазуларды кем дегенде бес жыл сақтауы тиіс. Бұндай жазулар жеке операцияларды (валютаның сомасы мен типін қоса, егер олар қолданылса) қалпына келтіру үшін және қажет болған жағдайда қылмыстық әрекетті сот арқылы құдалау үшін дәлелдеме ұсынуға жеткілікті болуы тиіс.

Қаржы мекемелері клиенттерді тиісті тексеру (мысалы, паспорт, идентификациялық карточкалар, жүргізу куәліктері немесе осыларға ұқсас құжаттар сияқты ресми идентификациялық құжаттардың мәліметтері немесе көшірмелері) барысында алынған идентификациялау туралы мәліметтерді, есеп бойынша клиенттік досье және іскерлік хат алмасуды іскерлік қатынасының аяқталуынан кейін кем дегенде бес жыл сақтауға тиіс.

Идентификациялық мәліметтер мен операциялар туралы жазулар ұлттық уәкілеттік органдардың қарауына өздерінің құзыретіне сай берілуі тиіс.

11. Қаржы мекемелеріне барлық күрделі, ерекше ірі операцияларға, сонымен қатар айқын экономикалық немесе көрсетілген заңды мақсаты жоқ операциялардың барлық ерекше схемаларына айрықша көңіл бөлу. Осындай операциялардың негіздері мен мақсаттарын зерттеп, анықталған жәйттарды жазбаша түрде белгілеу және уәкілетті органдар мен аудиторларға көмек көрсетуге дайын болу қажет.

12. 5-6 және 8-11 Ұсынымдарда баяндалған КТТ мен мәліметтерді сақтау бойынша талаптар белгілі қаржылық емес ұжымдар мен мамандықтарға келесі жағдайларда пайдаланылады:

а) казино – клиент белгілі шекте қолданылатын тең немесе асатын қаржы операциясын жүзеге асыратын кезде

б) жылжымайтын мүлік бойынша агенттер – жылжымайтын мүлікті сату немесе сатып алу бойынша өзінің клиенті үшін операцияларға қатысқан кезде;

с) бағалы металлдар бойынша дилерлер және асыл тастар бойынша дилерлер - белгілі шекте қолданылатын тең немесе асатын клиенттің нақты қаржысымен кезкелген операцияға қатысқан кезде;

д) адвокаттар, нотариустар, басқа тәуелсіз юристер мен есепшілер өздерінің клиенті үшін операцияларды дайындайды немесе жүзеге асыратын кезде, келесі қызметтер түріне қатысты:

жылжымайтын мүлікті сатып алу мен сату;

клиенттің қаржысымен, құнды қағаздарымен, және өзге мүлкімен басқару;

банктік, жинақтық есепті немесе құнды қағаздар бойынша есептерді басқару

компанияларды құру, қызмет ету немесе басқару үшін салымдарды ұйымдастыру;

заңды тұлғаларды немесе құрылымдарды құру, олардың қызмет етуі немесе басқару, сонымен қатар кәсіпорындарды сатып алу мен сату;

е) Сөздік анықтамасында аталған қызметке қатысты клиенттер үшін қаржы операцияларын дайындаған немесе жүзеге асырған жағдайда компанияларды құру бойынша немесе траст қызметін ұсынатын ұйымдастыру;

Күдікті операциялар туралы хабарлама және талаптарды сақтау.

13. Егер қаржы мекемелерінің қаржыларды қылмыстық жолмен келген кіріс немесе терроризмді қаржыландыруға байланысты деп жорамалдауға негіздері болған жағдайда, оны тікелей заңмен немесе қаулымен қаржылық барлаудың бөлімшесіне (ҚББ) өзінің күдіктері туралы хабарлауды міндеттеу қажет.

14. Қаржы мекемелерге, олардың басшылары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне тиесілі:

а) ҚББ өздерінің күдіктері туралы адал ниетпен хабарласа алдығы қылмыстық әрекеттің неден тұрғаны нақты белгілі болмаса да, және де заңсыз әрекеттің орын алғандығына (алмағандығына) қарамастан құқықтық, нормативтік немесе әкімшілік ережелермен немесе келісім-шарт негізінде салынған ақпаратты ашуға кезкелген шектеуді бұзғаны үшін қылмыстық және азаматтық жауаптылықтан құқықтық қорғау көрсету;

б) күдікті мәміле туралы немесе оған қатысты ақпараттың ҚББ жолдану фактісін ашуға заң жүзінде тиым салу.

15. Қаржы мекемелеріне ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы бағдарламалар әзірлеу қажет. Бұл бағдарламалар төмендегілерді қосуы тиіс:

а) қызметкерлерді жалға алуға жоғары стандарттарды қамтамасыз ететін іріктеудің адекваттық процедуралары мен лауазымды тұлғалардың сәйкес келуін қамтамасыз ету жөніндегі тиісті шараларды қоса ішкі саясатты, процедуралар мен бақылау нысандарын әзірлеу;

б) қызметкерлерді оқытудың тұрақты әрекетті бағдарламасын;

с) жүйені тексеру үшін аудиторлық функцияларды.

16. Ұсынымның 13-тен 15 және 21-Ұсынымда бекітілген талаптар барлық белгілі қаржылық емес кәсіпорындар мен мамандықтарға келесі жағдайларда қолданылады: а) адвокаттарды, нотариустарды, басқа тәуелсіз заңгерлер мен есепшілерді 12-Ұсынымда аталған қызметке байланысты қаржы операцияларында клиенттің атынан немесе оның тапсырмасымен қатысқан жағдайда күдікті операциялар туралы хабарлауды міндеттеу. Мемлекеттерге аудитті қосқанда есепшілердің қалған кәсіби қызметіне хабарламалар бойынша талаптарды тарату қатаң ұсынылады;

б) бағалы металлдар бойынша дилерлер және асыл тастар бойынша дилерлерді белгілі шекте қолданылатын тең немесе асатын клиенттің нақты қаржысымен

кезкелген операцияға қатысқан кездегі күдікті операциялар туралы хабарлауды міндеттеу;

с) компанияларды құру мен траст қызметін ұсынатын тұлғаларды 12 Ұсынымда көрсетілген қызметке байланысты клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша клиент үшін күдікті операциялар туралы хабарлауды міндеттеу.

Адвокаттар, нотариустер, басқа тәуелсіз заңгерлер мен **тәуелсіз заңгер ретінде әрекет ететін есепшілер** тиісті ақпаратты кәсіби құпия немесе кәсіби құқықтық артықшылық міндеттерімен байланысты болған жағдайда алса өздерінің күдіктері туралы хабарлауға міндетті емес. Ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруды алдын алуға арналған өзге шаралар.

17. Мемлекеттерге ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруды алдын алу жөніндегі талаптарды орындамайтын осы Ұсынымдардың ықпалына кіретін заңды және жеке тұлғаларға қатысты шара қолдану үшін эффективті, пропорционалды және ұстамды санкциялардың, ол мейлін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік болсын бар болуын қамтамасыз ету қажет.

18. Мемлекеттердің перделер-банктерлерінің қызметінің жалғасына келісуі немесе ұйымдарды қолдауға тиіс емес. Қаржы мекемелері перделер-банктерімен корреспонденттік қатынас орынату немесе оларды сақтаудан бас тартуы тиіс. Өздерінің есептерін перделер-банктерімен пайдалануға мүмкіндік беретін шетелдік қаржы мекемелерімен – контрагенттермен қатынасты орнатудан сақ болуы тиіс.

19. Мемлекеттерге ақпаратты тиісті қолдануды қамтамасыз ететін шараларды қатаң сақтау шарттарында ақшаны жылыстату немесе терроризмді қаржыландыру бойынша істерде уәкілеттік органдарының қолдануы үшін ашық ұлттық орталық ведомствоға электрондық мәліметтер базасымен белгіленген сомадан артық нақты ақшалай қаржымен барлық ішкі және халықаралық операциялар туралы ақпараттарды банктер, өзге қаржы мекемелері және делдалдардың хабарлауын жүзеге асыратын жүйесін құрудың мақсаттылығы мен қажеттілігін қарау қажет.

20. Мемлекеттерге қаржыны жылыстату немесе терроризмді қаржыландыруға қатысты қауіп төндіретін белгілі қаржылық емес кәсіпорындар мен мамандықтардан бөлек кәсіпорындар мен мамандықтарға ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) Ұсынымдарын қолдану мүмкіндігін қарау қажет. Ақшаларды жылыстату үшін қауіпі төмендеу қаржыны басқарудың заманауи және қауіпсіз технологияларының дамуына көбірек қолдау көрсету.

ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) Ұсынымдарына сәйкес келмейді немесе толығымен сәйкес келмейтін мемлекеттерге қатысты шаралар.

21. ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) Ұсынымдары қолданбайтын немесе жеткіліксіз қолданатын мемлекеттерден компаниялар мен қаржы мемлекеттерді қоса іскерлік қатынастар мен тұлғалармен жасалатын операцияларға ерекше назар аудару қажет. Бұл операциялардың айқын экономикалық немесе көріністі заңды мақсаты болмаған барлық жағдайда уәкілетті органдарға көмек көрсету үшін қарауына берілген мәліметтерді жазбаша түрде белгілеп, осындай операциялардың негізі мен тағайындауды мүмкіндігінше зерттеу. Осындай мемлекет ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) Ұсынымдарын қолданбай немесе жеткіліксіз қолданған кезде мемлекеттерге тиісті қарсы шараларды қолдануға мүмкіндігі болу.

22. Жергілікті құқықтық-нормативтік базаның мүмкіндік тудыратын қаржылық мекемелермен қолданылатын жоғарыда аталған принциптер ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) ұсынымдарын қолданбайтын немесе тиісті деңгейде қолданбайтын мемлекеттерде, әсіресе шетелде орналасқан басымды үлескерлік қатысуымен еншілес кәсіпорындар және филиалдардың қолдануын қамтамасыз ету.

Қолданыстағы жергілікті заңдар мен нормативтік актілер олардың қолданылуына

тиым салған жағдайда қаржы мекемелері ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) Ұсынымдарын қолдана алмайтыны жөнінде басты мекеме орналасқан мемлекеттің уәкілетті органдарды ақпараттандыруы тиіс.

Реттеу мен қадағалау

23.\* Қаржы мекемелерінің ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) Ұсынымдарының тиімді қолдануын, қаржы мекемелеріне реттеу қадағалаудың адекватты шаралардың кең таралуын мемлекеттер қамтамасыз етуі тиіс. Қылмыскерлер немесе олардың сыбайластары қаржы мекемелерінде басқару қызметін атқаруға немесе басым немесе бақылау пакетінің бенефициарлы меншік иесі бола алмауы үшін уәкілетті органдар қажетті құқықтық және регулятивтік шараларын қабылдауы тиіс. Қаржы мекемелеріне ақшаны жылыстату үшін маңызды, сонымен қатар пруденциалдық мақсаттар үшін қолданылатын реттеу және қадағалау шаралары, өзекті принциптері таралған жағдайда ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдардың мақсаттары үшін осыған ұқсас қолдану қажет.

Басқа қаржы мекемелері лицензиялауға немесе тіркеуге алынуға және тиісті түрде реттелуі қажет, осы секторда қаржыны жылыстату немесе терроризмді қаржыландыру қаупін ескере отырып, немесе қаржыны жылыстатуға қарсы іс-қимылдар мақсатында олардың әрекетіне бақылау немесе қадағалау жүргізу қажет. Ең кемінде ақшаны немесе бағалы заттарды аудару немесе валютаны айырбастау бойынша қызмет көрсететін мекемелер лицензиялану немесе есепке алынып, мониторингтің эффектифтік жүйесіне және қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес бойынша ұлттық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге жатқызылуы тиіс.

24. Белгілі қаржылық емес кәсіпорындармен мамандықтарға келесі реттеуші және қадағалау шараларын тарату қажет:

а). казиноға олармен қаржылық жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар бойынша қажетті шараларды эффективті қолдануды қамтамасыз ететін жан-жақты реттеуші және қадағалау режимін тарату қажет. Ең кемінде:

казиноны лицензиялау қажет.

қылмыскерлер немесе олардың сыбайластары қаржы мекемелерінде басқару қызметін атқаруға немесе басым немесе бақылау пакетінің бенефициарлық немесе казиноның операторы болдырмау мақсатында уәкілетті органдарға қажетті құқықтық және реттеу шараларын қабылдау қажет;

Уәкілетті органдар қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы талаптарды сақтау мақсатында казиноға тиісті қадағалауды қамтамасыз етуге тиіс.

б) Мемлекеттер белгілі қаржылық емес кәсіпорындар мен мамандықтарға қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз ету мен мониторингтің эффективті жүйесін таратады және қамтамасыз етуі тиіс. Бұны тәуекелдікті бағалау негізінде жүзеге асыру қажет. Бұл мемлекеттік органмен немесе өзін басқаратын ұйыммен жүзеге асырылуы мүмкін, егерде осындай ұйым өзінің мүшелерінің қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес бойынша өздерінің міндеттерін орындауды қамтамасыз ете алса.

25. Қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күресте ұлттық шараларын қолдануда, атап айтқанда, қауіпті мәмлелер туралы хабарламаларды анықтау мен жолдауға қатысты, қаржы мекемелері мен белгілі қаржылық емес кәсіпорындар мен мамандықтарға көмек көрсету үшін уәкілетті ұйымдарға нұсқаулықтар әзірлеп, кері байланысты қамтамасыз ету қажет.

## С. ҚАРЖЫНЫ ЖЫЛЫСТАТУ МЕН ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЖЕТТІ ИНСТИТУЦИЯЛДЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАДА ШАРАЛАР.

Уәкілетті органдар, олардың өкілдіктері мен қорлары

26. Мемлекеттерге күдікті операциялар мен қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға нақты қатысты өзге ақпараттар туралы хабарламаларды жинау (рұқсат етілген жағдайда сұрау салу), зерттеу мен жолдау үшін ұлттық орталық ретінде қызмет атқаратын ҚББ құру қажет. ҚББ күдікті операциялар туралы хабарламалардың зерттеуін қоса өзінің міндеттерін тиісті жүзеге асыру үшін қажетті қаржылық, әкімшілік және құқықтық ақпаратқа тұрақты негізде тікелей немесе жанама түрінде қол жеткізуі тиіс.

27. Мемлекеттерге қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыру туралы тергеу жүргізгені үшін белгілі құқықорғау органдарының жауапкершілігін енгізуді қамтамасыз ету қажет. Бақылауды жеткізу, жасырын операциялар және басқа тиісті әдістер сияқты қаржыны жылыстату туралы істерді тергеу үшін қажетті тергеудің арнайы әдістерінің мемлекеттермен мүмкіндік шегінде қолдалуы мен әзірленуі қолдау табады. Басқа мемлекеттердегі тиісті мүдделі органдармен біріккен тергеу шараларын жүргізу мен активтерді іздеу бойынша тергеулерді жүргізуде мамандандырылған уақытша немесе тұрақты топтарды пайдалану сияқты өзге тиімді амалдарды пайдалануда да мемлекеттер қолдау табады.

28. Қаржыны жылыстату және тиісті предикаттық қылмыстар туралы істерге тергеу жүргізгенде уәкілетті органдарға осындай тергеулер мен қылмыстық қудалауда және олармен байланысты әрекеттерді пайдалану үшін, құжаттар мен ақпаратты алу мүмкіндігі болуы тиіс. Адамдар мен бөлмелерді тінтуге, сонымен бірге дәлелдемелерді алу мен шығаруға қаржы мекемелері мен өзге тұлғалардың өкілетіндегі мәліметтерді сұратуға қолдау көрсетеді.

29. Қадағалау органдарында қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы талаптады қаржы мекемелерімен сақтауды қамтамасыз ету мен мониторингі және оған қоса инспекция жүргізу құқығынның болуы үшін жеткілікті құзыреттерінің болуы тиіс. Осы талаптардың орындалмағаны үшін айқын әкімшілік санкцияларын тағайындау және мониторинг жүргізу мақсатында қажетті қаржы мекемелерінен кезкелген ақпаратты талап ету мүмкіндігі болуы тиіс.

30. Мемлекеттер қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күреске қатысатын өздерінің уәкілетті органдарына адекваттық қаржылай, адами және техникалық қорлар ұсынуы тиіс. Мемлекеттердің осындай органдарының қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында әрекетті процедуралар қабылдауы қажет.

31. Мемлекеттерге құрастырушылар, саясаттанушылар, ҚББ, құқықорғау және қадағалау органдары қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес саласында қызмет пен саясатты жүзеге асыру немесе әзірлеуге қатысты өздерінің бір біріне қатысты әрекеттері мемлекеттің ішінде мүмкіндік туған жерде координациялау олардың қарым-қатынасына мүмкіндік беретін әрекетті тиімді механизммен қамтамасыз ету.

32. Мемлекеттер осындай жүйелердің тиімділігі мен нәтижелігіне қатысты мәселелер бойынша жанжақты статистиканы жүргізу жолымен қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға өз жүйелерінің тиімділігін, олардың уәкілетті органдармен зерттеуді қамтамасыз ету. Қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыру туралы іс бойынша тәркіленген, алып қойылған, қатырылған тергеу, қылмыстық қудалау мен үкімдер бойынша күдікті

операциялар туралы алынған және жолданған хабарламалар, сонымен қатар, ынтымақтастық жөнінде өзге халықаралық сұраулар мен өзара құқықтық көмек көрсету бойынша статистиканы қосады.

33. Мемлекеттерге қаржыны жылыстататын адамдармен заңды тұлғаларды заңсыз қолдануға жол бермеуге байланысты шаралар қолдану қажет. Мемлекеттерге уәкілетті органдар тұрақты негізде жедел қол жеткізе алатын бенефициарлық меншік пен заңды тұлғаларды бақылау туралы ақпараттың айқын, нақты және дер кезіндегі бар болуын қамтамасыз ету. Атап айтқанда, мемлекеттерге ұсынушыға акцияларды шығара алатын заңды тұлғалары бар мемлекеттерге олардың қаржыны жылыстатуға пайдаланылмауын қамтамасыз ету мақсатында және осы шаралардың айқындығын көрсетуге қабілетті болуға байланысты тиісті шаралар қолдануы қажет. Мемлекеттерге 5 Ұсынымдарда бекітілген талаптарды орындайтын қаржы мекемелері үшін бенефициарлық меншік пен бақылау туралы ақпаратқа оңтайлы қол жеткізу үшін шараларды қабылдаудың мақсаттылығын қарау.

34. Мемлекеттерге қаржыны жылыстататын тұлғалармен заң құрылымдарын заңсыз пайдалануына жол бермеу мақсатында шаралар қабылдау қажет. Атап айтқанда, уәкілетті органдар тұрақты негізде қол жеткізе алатын сеніп тапсырушы, сеніп тапсырушы меншік иелері және бенефициарлар туралы ақпаратты қоса трасттар туралы ақпараттың жеткілікті, нақты және дер кезінде болуын қамтамасыз ету. Мемлекеттерге 5 Ұсынымдарда бекітілген талаптарды орындайтын қаржы мекемелері үшін бенефициарлық меншік пен бақылау туралы ақпаратқа оңтайлы қол жеткізу үшін шараларды қабылдаудың мақсаттылығын қадағалау

#### D. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

35. Мемлекеттерге Вана конвенциясын, Палерма конвенциясын және 1999 ж. Терроризмді қаржыландырумен күрес туралы ООН-ның Халықаралық конвенцияларын толық орындау мен тарап болу үшін шапшаң шаралар қабылдау қажет. Мемлекеттерге сонымен қатар, 1990 ж. Қылмыстық әрекетпен табылған кірістерді жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы және 2002 ж. Терроризмге қарсы америка мемлекеттерінің конвенциялары сияқты өзге де тиісті халықаралық конвенцияларды ратификациялау мен оларға қосылу ұсынылады.

Өзара құқықтық жәрдем мен экстрадиция

36. Мемлекеттерге қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыру туралы іс бойынша тиісті процедуралармен қылмыстық қудалау мен тергеулер жүргізуге байланысты кеңірек өзара құқықтық жәрдемді тез арада, конструктивті және тиімді көрсету қажет. Атап айтқанда, мемлекеттерге:

а) өзара құқықтық жәрдем көрсетуге қатысты негізсіз шектеулер мен тиым салмау;

b) өзара құқықтық жәрдем туралы сұрау салуларды орындаудың анық және тиімді процедураларының болуын қамтамасыз ету;

c) қылмыстардың салық мәселелерімен байланысты болып есептелудің негізінде ғана өзара құқықтық жәрдем туралы сұрау салуларды орындаудан бас тартпау;

d) заңдардың қаржы мекемелерінен құпия мен конфиденциалдықты сақтауды талап етудің негізінде ғана өзара құқықтық жәрдем туралы сұрау салуларды орындаудан бас тартпау

Мемлекеттерге өздерінің уәкілетті органдарының құзыретін 28 Ұсынымға талаптар сәйкес мемлекеттің ішінде серіктестерге шет елдік сот немесе құқыққорғау органдарынан жіберілген тікелей сұрау салуларға жауап бергенде де, бұл ішкі заңнамаға сәйкес келсе өзара құқықтық жәрдем туралы сұрау салуларға жауап бергенде де қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету. Юрисдикцияда келіспеушілік тудырмау мақсатында бірден жоғары мемлекеттердің қылмыстық қудалауына жататын істер бойынша сот әділдігінің мүддесіне байланысты айыпталушыларды қылмыстық қудалау үшін, жақсырақ территориялық соттылықты анықтау үшін механизмдерді әзірлеу мен қолдануға назар аудару қажет.

37. Мемлекеттерге қос соттылықтың болмауына қарамастан мүмкіндігінше максималдық дәрежеде өзара құқықтық жәрдемді беру қажет.

Өзара құқықтық жәрдем мен экстрадиция үшін қос соттылық қажет етілген жағдайда, қылмыстың негізіне алынған әрекетті екі ел де қылмыс деп таныған жағдайда екі елдің бұндай құқықбұзушылықты бірдей терминмен, немесе осындай құқықбұзушылықты бір санатпен квалификацияламауына қарамастан бұл талап қанағаттандырылды деп есептеу қажет.

38. Тиісті бағаға мүлікті немесе осындай қылмыстарды жасаған кезде пайдаланылған немесе пайдалануға арналған құралдарды, қаржыны жылыстатудан немесе предикаттық қылмыстардан түскен кірістерді, жылыстатылған меншікті анықтау, мұздату, қамау және тәркілеу туралы шетелдермен жасалған сұрау салуларға жауап ретінде жедел әрекет қабылдау үшін құзырет болу тиіс.

Тәркіленген активтер бөліміне кіре алатын, алып қою мен тәркілеу процедураларын координациялау үшін механизмдер болуға тиіс.

39. Мемлекеттер беруге (экстрадициялауға) негіз бола алатын қаржыны жылыстатуды қылмыс деп тану қажет. Әр мемлекет өздерінің азаматтарын беруді жүзеге асыруға тиіс, ал кез келген мемлекет азаматтық негізінде бермеген жағдайда сұрау салуда көрсетілген қылмыстарды қылмыстық қудалау мақсатында өздерінің уәкілетті органдарына кедергілерсіз бұл істі беруді талап ететін мемлекеттің сұрау салуы бойынша беру тиіс.

Бұл органдар өздерінің ішкі заңнамасы бойынша кез келген ауыр қылмыстарда қолданылатын шаралар сияқты бұл жерде де тергеулер жүргізу мен шешімдер қабылдауға тиіс. Осындай қудалаулардың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында

процедуралық және дәлелдеу аспектері бойынша тартылған мемлекеттерге бір бірімен тығыз қарым-қатынас орнатқан жөн.

Мемлекеттер өздерінің құқықтық базасын есепке ала отырып, беруге қатысты барлық формальдықтарды сақтауды талап етуден бас тартуға келіскен тұлғаларға қатысты берудің жеңілдетілген процедураларын енгізу арқылы немесе сот шешімдері мен ордерлер негізінде ғана адамдарды беруді жүзеге асыруды тиісті министрліктердің арасында беру туралы сұрау салулардың тікелей жолдауына рұқсат беру тәртібінің оңтайлануын қарай алады.

Ынтымақтастықтың өзге нысандары

40. Мемлекеттерге өздерінің уәкілетті органдарының шетелдік әріптестеріне кең халықаралық көмек көрсетуін қамтамасыз ету қажет.

Қаржыны жылыстату қылмысы, сонымен қатар тиісті предикаттық қылмыстар бойынша ақпаратпен, өздігімен немесе сұрау салу бойынша әріптестер арасында тікелей жылдам және конструктивті ауысуды оңтайлату мақсатында нақты және тиімді механизмдер қажет. Ақпаратпен алмасуды негізсіз шектеу шарттарысыз рұқсат жасау керек. Атап айтқанда:

а) Уәкілетті органдарға сұрау салудың салық мәселелерімен де байланысты деп есептелудің негізінде ғана көмек көрсетуден бас тартпау қажет;

б) мемлекеттерге көмек көрсетуден бас тарту үшін сылтау ретінде қаржы мекемелерінен құпия немесе конфиденциалдықты сақтауды талап ететін заңдарға сілтеме жасамау.

с) уәкілетті органдардың шетелдік серіктестерінің атынан алдын ала тергеу қажет болған жағдайды тергеу жүргізу мүмкіндігі болу қажет.

Егер шетелдік уәкілетті органмен сұралған ақпаратты алу мүмкіндігі, оның серіктесінің құзыретіне кірмеген жағдайда мемлекеттерге өздерінің тікелей серіктестері болмаса да жылдам және конструктивті ақпаратпен алмасуға рұқсат беру ұсынылады. Тікелей серіктес болып табылмайтын шетелдің уәкілетті органдарымен ынтымақтасу тікелей немесе жанама түрінде жүзеге асуы мүмкін. Тура келетін әрекет амалына қатысты түсініспеушілік туған жағдайда уәкілетті органдарға алдымен өздерінің шетелдік серіктестерінен көмек сұрау. Мемлекеттерге құпия және мәліметтерді сақтауға қатысты міндеттеріне сәйкес тек рұқсатпен уәкілетті органдар арасында ауысым жүргізілетін ақпаратты пайдалануды қамтамасыз ету үшін бақылау мен кепіл орнату қажет.

## СӨЗДІК

Осы Ұсынымдарда келесі қысқартулар мен сілтемелер пайдаланылады:

«Бенифициарлық меншік иесі» жасалған мәміле мүддесін иеленуші кіліентті және (немесе) тұлғаны қадағалайтын немесе соңғы нәтижелермен меншік құқығына иемденетін бір немесе бірнеше тұлғаларға жатады. Бұл ұғымға соңғы нәтижелермен заңды тұлғаны немесе құрылымды нақты қадағалайтын тұлғалар

да кіреді. «Негізінқалаушы қағидалар» банктік қадағалаудың Базель комитетімен шығарылған банктік қадағалаудың тиімді Негізінқалаушы қағидаларға; Бағалы қағаздар нарқы жөніндегі комиссияның халықаралық ұйымымен шығарылған бағалы қағаздарды реттеу мақсаттары мен қағидаларына, Сақтандырулық қадағалаудың халықаралық ұйымымен шығарылған сақтандырулық қадағалаудың қағидаларына жатады.

«Құқықбұзушылықтардың белгіленген санаттары» төмендегілерді білдіреді:

Ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысу және рәкет;

Терроризм, терроризмді қаржыландыруды қоса;

Адам саудасы мен заңсыз миграция;

Жыныстық эксплуатация, балалар жыныстық эксплуатациясын қоса;

Есірткілік заттар мен психотроптық заттардың заңсыз айналымы;

Қарудың заңсыз айналымы;

Ұрланған немесе басқа мүліктің заңсыз айналымы;

Сыбайлас жемқорлық пен парақорлық;

Алаяқтық;

ақшаны қолдан жасау;

өнімді қолдан жасау мен контрафакция;

экологиялық қылмыстар;

адам өлтіру, ауыр дене жарақатын келтіру;

адам ұрлау, бас бостандықтан заңсыз айыру мен адамды кепілдікке алу;

тонау және ұрлау

контрабанда

бопсалаушылық;

жалғандық;

пираттық, инсайдерлік мәмілелер мен нарықтық манипуляция.

Жоғарыда аталған әр санаттарда предикатты деп танылған қылмыстар спекторы туралы шешім қабылдай отырып, әр мемлекет өзінің ішкі заңнамасына сәйкес осы қылмыстыр мен ауыр қылмыс ретінде көрсететін аталған қылмыстардың кезкелген жеке элементтерінің сипатын анықтауды шеше алады.

«Белгілі кәсіпорындардың қаржылық емес салалары мен мамандықтар» білдіреді:

a) казино (интернет-казиноны қоса);

b) жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттер;

c) бағалы металдар жөніндегі диллерлер;

d) асыл тастар жөніндегі диллерлер

e) адвокаттар, нотариустер, басқа да тәуелсіз заңгер мамандар және есепшілер – бұл жеке және серіктес немесе кәсіби фирмалармен жалданған мамандар ретінде тәжірибеленудегі тұлғаларға қатысты. Бұл ұғымның не өзге салаладағы кәсіпорындардың қызметкерлері болып табыластын ішкі мамандарға, не кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимылдарға арнылан шаралар қолданыла алатын мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлерге де қатысы.

f) траст пен компанияны құру бойынша қызмет көрсететін тұлғалар – кәсіпкерлік қызмет ретінде үшінші тараптарға төменде аталған қызметтердің кезкелгінін ұсынатын осы Ұсынымдардың бөдімдеріне кірмейтін барлық тұлғалар мен кәсіпорындарға қатысты.

заңды тұлғаларды құру жөніндегі агент ретінде әрекет етеді

Директор немесе компания хатшысы, заңды тұлға қатысты ұқсас позицияны ұстанатын немесе серіктестікте әріптес ретінде (немесе басқа тұлғаларға әрекет етулері үшін ұйымдастырады) әрекет етеді

тіркелген офисті; заңды мекенжай, ғимарат, компания, серіктестік немесе кезкелген басқа заңды тұлғаның немесе құрылымның корреспонденттік немесе әкімшілік мекенжайын ұсынады;

сенімді қормен басқарушы ретінде (немесе басқа тұлғаларға әрекет етулері үшін ұйымдастырады) әрекет етеді

басқа тұлға үшін номиналды акционер ретінде (немесе басқа тұлғаларға әрекет етулері үшін ұйымдастырады) әрекет етді.

«Белгіленген бастамалы ұғым» Түсіндірме хатта көрсетілген сомаға жатады.

«Қаржы мекемелері» клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша немесе төменде аталған қызмет түрлерінің бір немесе бірнешесін бизнес ретінде жүзеге асыратын кез-келген тұлғаны немесе мекемені білдіреді:

1. халықтан қайтарып алу негізінде депозиттермен өзге қаржыларды қабылдау

2. несиелендіру

3. қаржылық лизинг

4. ақшаны немесе құндылықтарды аудару

5.Төлем құралдарын шығару мен басқару (мысалы, несие және дебет карталары, чектер, жол чектері, қаржы тапсырмалары мен банктік аударма векселдері, электрондық ақшалар);

6.қаржылық кепілдемелер мен міндеттемелер

7.операциялар:

(а) қаржы нарқының құралдарымен (чектер, вексельдер, депозиттік сертификаттар, туынды құнды қағаздар ж.т.б)

(b)шетел валютасымен

(с)айырбастау курсы, пайыздық ставкаларға және индекстерге байланған құралдар

(d) аудармалы бағалы қағаздармен

(е) тауарлық фьючерстермен

8. бағалы қағаздар эмиссиясына қатысу мен осындай эмиссияларға қатысты қаржы қызметін көрсету

9. жеке және ұжымдық инвестициялық портфельдермен басқару

10. нақты ақшаны немесе өзге тұлғалардың атынан өтімді бағалы қағаздарды сақтау мен әкімшілік жетектеу

11. өзге инвестициялау, әкімшілік жетектеу немесе өзге тұлғалардың атынан активтер немесе қаржымен басқару

12. инвестициямен байланысты өмірді сақтау полистері мен өзге сақтандыру полистеріне жазылу мен салу

13. ақша мен валютаны айырбастау

Қаржылық қызмет қаржыны жылыстату бойынша қызметті жүзеге асырудың болар-болмас тәуекелділік бар кезде эпизодтық немесе өте шектеулі масштабта (сандық және абсолюттік критериді есепке алып) кез-келген жеке немесе заңды тұлғалармен жүзеге асқанда мемлекет қаржыны жылыстатуға қарсы іс-қимылы бойынша толық немесе жарым-жартылай шара қолдану қажеттілігінің жоқтығы туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Қатаң шектеулі және ақталған жағдайларда және қаржыны жылыстатудың дәлелденген төмен тәуекелділігінің негізінде жоғарыда аталған қаржы қызметінің кейбір түрлеріне жеке немесе барлық Қырық ұсынымды қолданбауы туралы шешім қабылдауы мүмкін

«ҚББ»-қаржылық барлау бөлімшесі.

Заңды құрылымдар трасттармен басқа ұқсас заң құрылымдарын білдіреді.

Заңды тұлғалар қаржы мекемелерімен тұрақты клиенттік қатынастарды немесе өзге жолдармен мүлкті иемдене алатын корпорацияларға, қорларға, анштальтамдарға, серіктестіктерге, ассоциацияларға немесе кез-келген ұқсас құрылымдарға жатады.

Транзиттік шоттар өзінің атынан кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін үшінші тараптармен тікелей пайдаланылатын корреспонденттік шоттарды білдіреді

Саяси қайраткерлер шетелдерде маңызды мемлекеттік міндеттер ұсынылған немесе ұсынылып жатқан тұлғаларды білдіреді, мысалы, мемлекет және үкімет басшылары, ірі саясаткерлер, жоғары үкіметтік, сот немесе әскери шенеуніктер, мемлекеттік корпорациялардың жоғары лауазымды тұлғалары, саяси партиялардың ірі қайраткерлері. СҚ отбасы мүшелерімен немесе жақын байланыстармен іскерлік қатынастар СҚ өздерімен іс жүргізгенде туындайтын бедел үшін қауіп-қатер тудырады. Бұл ұғым орта топтың жетекшілері мен аталған санаттарда маңыздылығы төмен қызмет атқаратын тұлғаларға жатпайды.

## Сілтемелер

<sup>1</sup> ҚЖКжҚӨТ (ФАТФ) қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға күрес жөнінде шараларды әзірлейді және енгізеді және олардың стандарттарын белгілейтін үкіметаралық құрылым болып табылады. Қазіргі уақытта ол 33 мүшеден тұрады: 31 мемлекет пен үкімет және екі халықаралық ұйым, және 20-дан астам бақылаушылар. Барлық мүшелер мен бақылаушылардың тізімін ҚЖКжҚӨТ-ың (ФАТФ) вебпарағынан табуға болады.

<sup>2</sup> ҚЖКжҚӨТ-ың Қырық және Сегіз арайы ұсынымары Халықаралық валюта қорымен және Әлемдік банкпен қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға күрес саласындағы халықаралық стандарттар ретінде қабылданған.

ҚЖКжҚӨТ-ың Ұсынымарына 40+9 сәйкес келу бағасының методологиясына сай «тиіс» термині «қажет» деген мағынана білдіреді

<sup>3</sup> «қылмыстардың белгіленген санаттары» анықтамасын Сөздіктен көріңіз

<sup>4</sup> Сенімді, тәуілсіз көздерден алынған құжаттар, мәліметтер немесе ақпарат бұдан әрі қарай идентификациялық мәліметтер деп аталады.

Зұлдызшамен белгіленген Ұсынымды оған берілген Түсінік хатпен қарау қажет

<sup>5</sup> Жекеменшік банктердің қызметін қоса

<sup>6</sup> Өзгелерге қоса тұтынушылық кредиттер, ипотекалық кредиттер, регресс құқығымен (құқығысыз) факторинг, сондай-ақ коммерциялық мәмілелерді қаржыландыру, сонымен қатар регресс құқығысыз вексельдерді есепке алу.

<sup>7</sup> Тұтынушылық тауарларға жататын қаржылық дизайндың схемаларынан тыс.

<sup>8</sup> Формальдық немесе формальдық емес секторлардағы қаржы қызметін қосқанда, мысалы, ақша аударым бойынша альтернативтік қызмет. VI арнайы ұсынымға арналған Түсінік хатын қараңыз. Қаржыны жіберу үшін хабарламалар жүйесі немесе өзге қолдау жүйесі қаржы мекемелеріне ұсынатын кезкелген жеке немесе заңды тұлғаға таратылмайды. VI арнайы ұсынымға арналған Түсінік хатын қараңыз

«Сақтандыру мекемесі мен сақтандыру делдалдарына қолданылады (агенттер мен брокерлер).